


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»

Басқарма мүшесі - әлеуметтік және
тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

 Ж.Н.Базартай

« 23 » 09 2024 ж.



2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ
ЖОЛ КАРТАСЫ

Қызылорда қаласы, 2024 ж.

МАЗМҰНЫ

- | | |
|--|---------|
| 1. Кіріспе | 3 бет |
| 2. Ағымдағы жағдайды талдау | 4 бет |
| 3. Кәсіби бағдар беру жұмысы Жол картасының мақсаты, негізгі міндеттері | 5 бет |
| 4. Кәсіби бағдар беру жұмысының Жол картасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары | 6-9 бет |

КІРІСПЕ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің стратегиялық жоспарын нәтижелі орындау мақсатында мектеп және колледж бітіруші түлектер арасында кәсіби бағдар беру, сонымен қатар екінші жоғары білім алушылар мен жоғары оқудан кейінгі білім алу жұмыстарын үнемі жүргізіп тұру қажет. Кәсіби бағдар беру жұмыстары талапкерлердің университетті таңдауына бағыт-бағдар беру болып табылады.

Кәсіби бағдар беру жұмыстары аясында талапкерлердің қабілеті мен мүмкіндігін зерттей отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға тарту жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру өте маңызды.

Кәсіби бағдар беру жұмысын мақсатты түрде ұйымдастыру және жүргізу үшін университеттің кәсіби бағдар беру жұмысын нақты жоспарлау қажет.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті кәсіби бағдар беру жұмысының 2024-2025 оқу жылына арналған Жол картасы төмендегі құжаттарға негізделіп жасалған:

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспары;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 27 желтоқсан 2019 жылы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

- 2023-2029 жылдарға арналған Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті " КеАҚ-ның Даму бағдарламасы.

Кәсіби бағдар беру жұмысы тек бітіруші түлектермен емес, 9 сыныптан басталып жүргізілуі тиіс. Оқушылармен түрлі бағыттарда пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар конкурсы, шығармашылық фестивальдер, спорттық сайыстар және тағы да басқа жарыстарды ұйымдастыру арқылы үздіктерді анықтап, университетке оқуға шақыру керек. Барлық оқушылармен университет туралы ақпаратпен бөлісу маңызды. Әсіресе, оқушыларға өздерін қызықтыратын бағыттар бойынша жетекшілік жасау арқылы қамқорлыққа алу жұмысын күшейту қажет. Сонымен қатар, колледж бітіруші түлектер және екінші жоғары білім алушы талапкерлермен жұмысты жүйелі ұйымдастыру керек.

Бөлімнің талапкерлермен негізгі мақсаты: кәсіптік бағдар беру жұмыстарын үйлестіру, алыс-жақын шет елдер, көрші өңірлер және облыс көлеміндегі кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүйелі түрде жүзеге асыру, кәсіби бағдар берудің жаңа форматтағы жұмыстарын ұйымдастыру, талапкерлерді әлеуметтік желілер мен ресми сайт арқылы сапалы контенттермен қамтамасыз ету, халық арасында университеттің жаңа имидждік келбетін қалыптастыруға пиар жұмыстарын жүргізу, білім беру жүйесі мекемелерімен және жергілікті билік органдарымен қарым-қатынасты күшейту, талапкердің кәсіби таңдау жасауына кеңес беру.

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

2024 жылы **8 285** түлек (Қызылорда қаласы бойынша 2 850) бітірген, 2025 жылы **9 736** түлек (Қызылорда қаласы бойынша 3 481) бітіреді деп жоспарлануда.

Ақпараттан көріп тұрғанымыздай биылғы оқу жылында бітірушілер саны былтырғы жылмен салыстырғанда біршама көп. Демек, биылғы жылы да кәсіби бағдар беру жұмысын жан-жақты жаңа бағыттармен жүргізсек, жоспардағыдан да жоғары нәтижеге қол жеткіземіз.

Даярлау бағыты	Стратегиялық жоспар	2023-2024 оқу жылы
Бакалавриат <i>Оның ішінде мем.грант</i>	2 800	2968 (+6%) 1 330
Магистратура <i>Оның ішінде мем.грант</i>	400	225 (-43.75%) 140
Докторантура	13	36 (+176.9%)
Жалпы	3 213	3 229

Мектептердің саны мен оқушылар контингенті

Р/с	Қала, аудан атауы	Мектептер саны	11 сынып бітірушілері саны (2023-2024 оқу жылы)	11 сынып бітірушілері саны (2024-2025 оқу жылы)
1	Арал	49	942	1099
2	Казалы	38	899	961
3	Кармакшы	30	686	781
4	Жалағаш	20	420	459
5	Сырдария	17	442	529
6	Шиелі	38	868	1152
7	Жанакорған	44	1024	1274
8	Қызылорда	57	2875	3329
9	№4 ОММЛИ	1	34	59
10	№8 МИ	1	0	0
11	№9 БИЛ	1	50	47
12	№10 БИЛ	1	45	46
	Барлығы	297	8285	9736

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫ ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ, НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ

Мақсаты: Университетке үміткер талапкерлерді жүйелі түрде оқуға тартуға бағытталған кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру. Жүргізілетін барлық жұмыстарды уақытылы және сапалы орындалуын орталықтандыру. Білім алушылардың контингентін арттыру

Негізгі міндеттері:

- Қызылорда, Байқоңыр қаласы және облыс аудандары бойынша мектептері мен колледждері түлектерінің бірыңғай мәліметтер базасын құру және жаңарту;
- Ата-аналар мен ізденуші талапкерлерге университет туралы ақпарат беру және олардың оқу орнына деген қызығушылығын анықтау;
- Қызылорда, Байқоңыр қаласы және облыс аудандары бойынша мектептер, колледждер және өндіріс орындары мен мемлекеттік мекемелерге кәсіби бағдар беру үшін іс-сапарларды ұйымдастыру;
- Республика бойынша барлық облыстарымен байланыс орнатып, сапарларға шығуды ұйымдастыру;
- «Отандастар» қоры арқылы алыс-жақын шетелдермен (Өзбекстан, Қырғыстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Моңғолия, Иран және Қытай Халық Республикасы) байланыс орнатып, сапарларға шығуды ұйымдастыру;
- Замануи технологиялардың мүмкіндігін тиімді пайдалана отырып талапкерлерге арналған жарнамалық өнімдерді әзірлеу және ақпарат орналастыру бойынша медиа жарнама агенттіктерімен жұмыс жасау.

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Университеттің кәсіби бағдар беру жұмысының ең тиімді түрлерін анықтау мақсатында бірінші курс студенттері арасында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне түсуге не себеп болғанын анықтау бойынша сауалнамалар жүргізу	Қазан, 2024 жыл	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай, М.А.Махамбетова, институт директорлары
2.	Университеттің белсенді студенттерінің арасынан арнайы медиа топ жасақтап, барлық әлеуметтік желілерде сапалы контент санын көбейту	Қазан, 2024 жыл	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай Ж.Бимұратқызы
3.	Қызылорда облысы бойынша мектеп және колледж бітіруші талапкерлер базасын құру	Қазан, 2024 жыл	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай,
4.	Барлық кафедралар жанынан мектеп бітіруші түлектердің резервін қалыптастыру	Қазан, 2024 жыл	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай, институт директорлары, кафедра меңгерушілері
5.	Қызылорда облысының білім басқармасымен бірлесіп облыс мектептері мен колледждердегі кәсіби бағдар беру жұмыстарына жауапты қызметкерлерге арналған арнайы форум ұйымдастыру	Қараша, 2024 жыл	Ж.Н.Базартай, Н.Ж.Уразбаев, А.С.Мырзабай, Білім басқармасы
6.	Әр БББ-ның кәсіби бағдар беру бойынша таратпа материалдарын әзірлеу	Қараша, 2024 жыл	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай, институт директорлары, кафедра меңгерушілері
7.	ReBranding. Институттар және басқа орталықтардың заманауи логотиптерін жасау	Қараша, 2024 жыл	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
8.	Instagram және TikTok платформаларында Korkyt Trends челлендж байқауын өткізу	Қараша, 2024 жыл	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
9.	Қызылорда облысына қарасты аудандардың бітіруші түлектерімен кездесу	Желтоқсан, 2024 жыл	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
10.	Танымал адамдармен instagram-да біріккен тікелей эфирлар ұйымдастыру	Жыл бойы	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
11.	Университеттің профессор-оқытушылық құрамының 2024-2025 оқу жылында орындайтын оқу жүктемесінің 45 сағат көлеміндегі уақыт нормасын кәсіби бағдар беру жұмыстарына үйлестіру	Жыл бойы	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай Институт директорлары БББ жетекшілері
12.	www.talarker-korkyt.kz оқушыларға арналған ақпараттық сайты жасау		Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай

13.	Алыс-жақын шетелдермен байланыс орнатып, сапарларға шығу (Өзбекстан, Қырғыстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Моңғолия және Қытай Халық Республикасы)	Жыл бойы	Ж.Н.Базартай, М.Ә.Бөрібаева, Г.А.Әлмаханова, А.С.Мырзабай
14.	Ай сайын университеттің жаңа жарнамалық ролигін дайындап отыру	Жыл бойы	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
15.	Университет түлектері және басқа да танымал адамдармен әр ай сайын подкаст форматында түсірілімдер жасау	Жыл бойы	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
16.	Қызылорда, Байқоңыр қаласы және облыс аудандары бойынша мектептер мен колледждерде «Қорқыт Ата университеті» күнін ұйымдастыру	Қыркүйек, Қазан, наурыз	Ж.Н.Базартай, Ж.Бимұратқызы, А.С.Мырзабай
17.	Жасанды интеллект институтына дарынды талапкерлерді тарту мақсатында еліміз бойынша үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру	Жыл бойы	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай, Н.С.Құлмырзаев
18.	Университеттің дайындық курсына шетелден тыңдаушыларды тарту және мемлекеттік тапсырыс аясында білім алуына қажетті жұмыстарды ұйымдастыру	Жыл бойы	Д.М. Абдрашева, Н.Ж. Уразбаев, Ж.Н.Базартай, Б.А.Досжанов, Г.А.Әлмаханова, А.С.Мырзабай
19.	Магистратура мен докторантураға түсушілердің санын арттыру мақсатында білім алушыларға арнайы курстарды (шет тілі мен арнаулы пәндер) насихаттау	Жыл бойы	Д.М. Абдрашева, М.Ә.Бөрібаева Б.А.Досжанов, А.Ж.Бұхарбаева, С.Б.Накипова
20.	Бітіруші түлектердің ата-аналарымен онлайн және офлайн режимінде кездесулер ұйымдастыру	Жыл бойы	Д.М. Абдрашева, М.Ә.Бөрібаева, Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай институт директорлары, кафедра меңгерушілері
21.	Талапкерлер мен қызығушылық танытушыларға университеттің көрнекті орындарын аралату мақсатында маршруттық кесте дайындау	Жыл бойы	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай, институт директорлары
22.	Қаладағы және аудандардағы мектептер, колледждермен ғылыми-әдістемелік байланысты жүйелеп, жастардың ғылыми жобаларына университет ғалымдары ғылыми жетекшілік жасауды үйлестіру	Тұрақты түрде	Н.А.Сақтағанова, институт директорлары, кафедра меңгерушілері
23.	Бітіруші түлектер және жоғары сынып оқушылары арасында олимпиадалар, ғылыми жобалар конкурсы, шығармашылық фестивальдер, спорттық сайыстар және тағы да басқа шараларды ұйымдастыру	Кесте бойынша	Д.М. Абдрашева, Ж.Н.Базартай, М.Ә.Бөрібаева, Ж.Бимұратқызы, А.С.Мырзабай, институт директорлары
24.	«Trip to Korkyt Land» университет мамандықтарын таныстыру фестивалі <i>12 откізілді</i>	Ақпан 2025 жыл	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
25.	Бизнес-инкубатор базасында мектеп және колледж оқушыларының бизнес-идеялар мен жобалар байқауын өткізу	Ақпан – наурыз, 2025 жыл	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай, Ж.А.Тубекбаев

26.	Ата-аналар мен абитуриенттерге арналған ақпараттық Call центр жұмысын жүргізу (whatsapp business)	Тұрақты түрде	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
27.	Кәсіби бағдар беру жұмыстарын қарқынды жүргізу мақсатында университеттің брендтік өнімдерін шығару	Жыл бойы	Ж.Н.Базартай, С.М.Лиясова, А.С.Мырзабай
28.	Университеттің арнайы бейнеролигін әзірлеу, қалалық және облыстық телеарналарда, әлеуметтік желілерде, Youtube каналында көрсетуді ұйымдастыру	Жыл бойы	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай, А.Н.Жұмадинова
29.	Білім беру бағдарламалары, акедмиялық ұтқырлық және магистратура мен докторантураға оқуға түсудің артықшылықтарын кеңінен насихаттау бойынша видео-контенттер дайындау	Жыл бойы	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай, А.Ж.Бұхарбаева, Г.А.Әлмаханова кафедра меңгерушілері
30.	Әлеуметтік желілерде университетке шақыру афишаларын таргеттеп жіберу	Тұрақты түрде	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
31.	Әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылардың оқу ақысын демеушілер тарапынан төлеуді ұйымдастыру (облыс әкімінің гранты, «Қазақстан Халқына» ҚҚ және т.б.)	Жүйелі түрде	Д.М. Абдрашева, Н.Ж. Уразбаев, Ж.Н.Базартай, Б.А.Досжанов
32.	«Continue 4.0» Қызылорда қаласы колледж бітіруші түлектерімен кездесу <i>ӘТКІЗУ</i>	Наурыз, 2025	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
33.	3-4 курс білім алушыларымен магистратура және докторантураға түсу мақсатында кездесулер өткізу. Қызылорда облысы бойынша ЖОО, кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарға магистратура мен докторантураға, екінші жоғары білім алу бойынша ақпараттар тарату	Жүйелі түрде	Д.М. Абдрашева, Ж.Н.Базартай, М.Ә.Бөрібаева, А.С.Мырзабай
34.	ҰБТ-ға дайындайтын оқу орталықтарымен серіктестік бағытта жұмыстар атқару	Жүйелі түрде	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
35.	«Сыр түлегі» газетінің кәсіби бағдар беруге бағытталған арнайы шығарылымын дайындау	Сәуір, 2025 жыл	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай, Н.Ә.Абуова
36.	Әр құрылымнан қабылдау комиссиясына және кәсіби бағдар беру штабында жұмыс жасайтын қызметкерлер тізімін ұсыну	Мамыр, 2025 жыл	Д.М. Абдрашева, Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
37.	Талапкерлерге арналған ашық аспан аясында мерекелік іс-шара ұйымдастыру	Мамыр – тамыз, 2025 жыл	Ж.Н.Базартай, Ж.Бимұратқызы, А.С.Мырзабай
38.	Университеттің №5 оқу ғимаратында кәсіби бағдар беру штабын ұйымдастыру	Маусым – тамыз, 2025 жыл	Д.М. Абдрашева, Ж.Н.Базартай, Ж.Бимұратқызы, А.С.Мырзабай
39.	Мемлекеттік грант тағайындау конкурсына тіркелу кезеңінде талапкерлерге көмек көрсету мақсатында университет қызметкерлерін республика және Қызылорда облысы бойынша іс-сапарға жіберу жұмыстарын үйлестіру	Шілде, 2025 жыл	Д.М. Абдрашева, Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай

40.	Университеттің қызметі мен жетістіктері, үздік студенттері мен түлектері туралы БАҚ-та мақалалар дайындау және жариялау	Тұрақты түрде	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
41.	Университеттің www.korkyt.edu.kz сайтына барлық оқу түрлерінің өзекті бағыттары мен мамандықтар туралы жедел ақпараттарды ұсыну	Жүйелі түрде	Д.М. Абдрашева, Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
42.	Бітіруші түлектерге мереке күндері және оқуды аяқтау уақытында университет ректорының құттықтауын электронды түрде жіберу	Жүйелі түрде	Ж.Н.Базартай, А.С.Мырзабай
43.	Кәсіби бағдар беру жұмысымен айналысатын университет қызметкерлері мен білім алушыларын ынталандыру жүйесін әзірлеу	Тамыз, 2025 жыл	Д.М. Абдрашева, Н.Ж.Уразбаев, Ж.Н.Базартай, Н.Қ.Рабаева, А.С.Мырзабай
44.	Кәсіби бағдар беру жұмысына атсалысқан білім беру саласының қызметкерлерін марапаттау жұмыстарын ұйымдастыру	Жүйелі түрде	Д.М. Абдрашева, Н.Ж.Уразбаев, Ж.Н.Базартай, Н.Қ.Рабаева, А.С.Мырзабай

Рекрутинг және мансап
бөлімінің маманы



А.С.Мырзабай